



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

южнорусских степей IX—XIII вв. – Киев, 1884, 237 с.

5. Плетнева С.А. Половцы. – М.: Наука, 1990, 136 с.

6. Литвина А.Ф., Успенский Ф.Б. Русские имена половецких князей: Междинастические контакты сквозь призму антропонимики / Отв. ред. Ю.В. Кагарлицкий. – М.: Полимедиа, 2013, 280 с.

7. Питер Б.Голден. К вопросу о происхождении племенных названий кыпчаков // Сборник материалов международной научной конференции кыпчаки Евразии: история, язык и письменные памятники. – Астана, 2013. – 430 с.

8. Пилипчук Я.В. Кыпчакский именовослов по данным европейских источников // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение. – Т.2. – Алматы, 2017. – С.258-277

9. Пилипчук Я.В. Ментальность и идеология кыпчаков // Archivum Eurasiae Medii Aevi. – 2014. – С.129-164

ӘОЖ 37.016:950 (575)

## **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ**

**Жанпейсова Айжан Қазбекқызы**

*daya\_01@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Түркітану кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к. доцент А.А.Жалмырза

Ғасырлар қойнауында түркі халықтарының өркениеті мен мәдениеті, саяси ықпалдастығы мен тарихи тағдырдың ортақтығы, тегі мен тағдыры ұқсас түркі тілдес халықтарының XX ғасыр басындағы жағдайына тоқталатын болсақ, түркі тілдес халықтар арасынан шыққан әртүрлі кезеңдердегі ұлт көсемдері, ең алдымен, ұлт тұтастығын, содан кейін түркінің тұтастығын көксеріп, ұлы мақсаттар қойып, соның жолында күрес жүргізуден бастау алды. Қаншама рет бас көтеріп, еркіндікке ұмтылып, бірігу ұранын басшылыққа алған түркі халықтары екі империя тарапынан басылып-жаншылып, қуғындалғанымен, олар түркі тілдес халықтардың бірігуге деген талпынысын толықтай жоя алған жоқ. Қазақтар да өзге түркі тілдес халықтар секілді түрікшілдікті ежелден-ақ өздерінің басты идеялары ретінде ұстанды, оның басты себебінің бірі түркі халықтарының діни-философиялық көзқарасын бір арнаға салып, рух бірлігін нығайту жолында үлкен еңбек сіңірген Қожа Ахмет Яссауи қазақ жерінде еңбек етіп, оның шәкірттері Яссауи ілімін түркі дүниесінің төрт бұрышына түгел жеткізді. Бірақ, Яссауи ілімінің табан тірес тірегі қазақ даласы болып қала берді [1, 144 б.]. Өзге түркі тілдес халықтарды өздеріне жақын тұтып, олармен жақын қатынаста болу қазақ халқының барлық кездерде де ойында болды, бірақ, мемлекет билігіндегі азғантай топтың саяси амбициясы негізінде туыстас түркі халықтары арасында алшақтықтардың орын алып отырғанын да тарихтан белгілі. Айта кетер жайт, түрікшілдік нақты тұжырымдама ретінде орнықтырылмағанымен де барлық түркі тілдес халықтардың жадында болған идея, тек бертін келе ол толыққанды тұжырымдама ретінде халық арасынан шыққан зиялылардың пайымдауымен түркі тілдес халықтарға жаңаша сипатта таралды.

XIX ғасыр соңына таман дүниеге келген түрікшілдік идеясының қанат жайып, дамуына Ресей жеріндегі түркі халықтарының басын қосуды көксеген түрік интеллигенциясы өкілдері үлкен үлес қосты [2, 38 б.]. Түрікшілдікті пантюркизм деген атаумен таныған большевиктік зерттеушілердің пайымдауынша, түрікшілдік идеясы, ең алдымен, ресейлік татар-түріктердің арасында кең қанат жайды, ал Түркия 1908 жылы жас түріктер билік басына келген соң ғана түрікшілдікті ашық қолдай бастады. Сонымен қатар, түрікшілдер ең алдымен ортақ әдеби тіл мен мәдениет қалыптастырып, кейіннен ұлттардың қайта қалпына келтіру жолында күрес жүргізу үшін саяси ұйымдарды құруды көздеді.

Патшалық Ресейде олардың алдында екі үлкен кедергі тұрды, біріншісі, орыс емес ұлттарды аяусыз жаныштаған патша билігі болса, екіншісі, халықты қараңғылықта ұстаған мұсылман діндарлары болды [3, 13 б.].

Түрікшілдікке белгілі бір қоғамдық құбылыс ретінде қарап, баға беру XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында басталды. Түрікшілдікті өзінің империялық тұтастығына төнген қатер ретінде таныған Ресей оған «пантюркизм», «панисламизм», «діни фанатизм», «ұлттық шовинизм», «реакцияшыл қозғалыс» сияқты және т.б. атаулар беріп, құбыжық етіп көрсетуге тырысып бақты. Ресейлік және еуропалық миссионерлер мен отаршыл исламтанушылар түрікшілдікті діни фанатизм негізінде бірігіп, «еуропалық өркениет пен бүкіл христиан әлемін жоюды мақсат еткен ілім» деп бағалады [4, 7 б.].

Кейіннен патшалық билік орнына орныққан кеңестік үкімет те түрікшілдікке қырын қарады, оны өзінің басты қарсыластарының қатарына жатқызды. Түрікшілдік кеңестік үкімет тарапынан сынға ұшырап, пантюркизм аталып, саяси сөздіктерде біржақты талқыламалар жасалды. Сонымен бірге, халық санасына «түріктің реакцияшыл буржуазиялық-помещиктік ортасының өз мақсаты ретінде барлық түркі тілдес халықтарды Түркия билігіне бағындыруды көздейтін шовинистік тұжырымдамасы» ретінде сіңірілді [5,13 б.].

Осынау ұлы империялардың қас жауына айналып, қаншалықты жақтаушылары қуғынға ұшырады. Насихатталуына қатаң тыйым салынса да қайта-қайта бас көтеріп, өшпей келе жатқан бұл идея шынында да кеңестер жексұрын етіп көрсеткендей сипатта ма, әлде оның біздер үшін құндылығы бар ма деген оймен мәселенің мәніне үңілу үшін Түрікшілдік жаршыларының бірі Н.Атсыздың кейбір тұжырымдамаларына тоқтала кетуді жөн көрдік, «...Түрікшілдік – түркі ұлтшылдығының атауы. Сөздің соңындағы қосымша жұрнақ (-шілдік) сүйіспеншілікті, жақтастықты білдіреді. Түрікшілдік – ол, бүкіл түркілердің бір мемлекетке бірігіп, барлық жақтан өзге ұлттардан озық және мәртебелі болу мұратын білдірген болатын. Мұның өзгермейтін екі алғышарты бар, ол: нәсіл тазалығы және тұраншылдық. Нәсіл тазалығы – ең алдымен, ұлттық қорғаныс құралы... Нәсіл тазалығы - сондай-ақ денсаулықты қорғау мәселесі. Біздің тұраншылдығымыз – түркінің тарихи отаны болып табылатын және басым бөлігі қазір де түркілерге толы өлкелерді толық тәуелсіздікке жеткізу, Түркиямен біріктіру». Біздер осы қысқа ғана үзіндіден ұлы мұраттар мен ізгі ниеттерден өзге басып алып, бағындыру сипатындағы арам ойларды аңғара алмаймыз, жалпы түркілерді өз ұлттарын ерекше құрмет тұтып, өзгелерден артық көруге шақырудан біз өзге ұлттарды жек көруге немесе оларды менсінбеуге шақыруды көре алмаймыз, ал бодан болған түркілердің бодандықтан құтылып Түркиямен бірігуі олардың қайтадан бодандық қамытын киюге ұмтылысы деп қарау жаңсақ пікір болар еді. Жалпы айтқанда, ұлтшылдықты оңбағандық деп таныған кеңестік жүйенің түрікшілдікті тек жағымсыз жағынан сипаттауы түсінікті де. Түрікшілдік тоқтап, тоқырауға ұшырамаған, уақыт өткен сайын маңыздылығы арта түскен идея болғандықтан әлі де болса зерттеушілер оған өз беттерінше анықтама беруде, солардың ішінде ұтымды берілген анықтаманың біріне сүйенсек, түрікшілдік – түркі-мұсылман халықтарын біріктіріп, империалистік мемлекеттерге қарсы бағытталған прогрессивті түрдегі құқықтарын қорғау үшін жүргізілген күрес болып отыр[6, 3 б.].

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси-идеялық ахуалына түрік бірлігі, түрікшілдік идеялардың қалыптасуы біршама ықпалын тигізді. Негізінде түрікшілдік идея «Айқап» журналының айналасында топтасқан қазақ зиялыларының саяси-құқықтық көзқарастары мен атқарған қызметтерінен анық байқалды. Сөзсіз айқапшылар Ресейдегі түрік елдерін біріктіру керек деген пікірде болды. Түрікшілдіктің ұлт үшін маңызын жете түсінген алаш зиялылары түрікшілдік туы астында топтасып, Орыс империясының зорлық-зомбылықты «бөліп ал да, билей бер» саясатына қарсы тұруға жан айқаймен шақырды [7, 15 б.]. Ресейдегі қазан төңкерісінен кейін империя құрамында болған өзге түркі тілдес халықтар сияқты қазақтар арасында да түрікшілдік идеясының кең қолдауға ие болғаны тарихтан мәлім. Даусыз, өзге түркі тілдес халықтар секілді қазақ ұлтынан шыққан зиялылар да түрікшілдік идеясын басшылыққа алып, өз саяси бағыттарын айқындай алды. Осы кезде

түрікшілдікпен қатар қазақ зиялылары арасында Орталық Азияда, түркі дүниесінің орталығы саналатын Түркістан жерінде біртұтас мемлекет құру идеясы алдыңғы қатарға шыққан еді. Зерттеуші ғалым Д.Қыдыралиевтың ойынша, түрікшілдіктің ішінде жалпы Ресей түріктерінің бірлігі идеясы мен Тұтас Түркістан идеясын жеке-жеке алып, қарастыру керек. Ресей түріктерінің бірлігі идеясы негізінен туысқан халықтардың мәдени, рухани бірлігі мәселелерін негіздейтін концептуалдық мағынадағы ой екендігін ескеру қажет. Ал, сондай-ақ, Тұтас Түркістан идеясы мекендеген жері және тарихи тағдыры бір Түркістан түріктерінің тәуелсіз мемлекетін құру мақсатын қоятын саяси бағдарламаның негізі деп қараған дұрыс [8, 19 б.].

Ал, өте маңызға ие болған, Үлкен Түркістан идеясына келер болсақ, бұл идеяның негізін қалаушылар Орталық Азияда біртұтас күшті мемлекет құру арқылы түркі дүниесінің нығаюына үлес қосуды мақсат етті. Әрине, Түркістан жайлы сөз болғанда оның рухани көсемі М.Шоқайұлының идеяларына тоқталмау мүмкін емес, Орталық Азияны мекендеген халықтың тек бірлесе отырып қана өзін екі жақтан қысымға алған алып империялар құрсауынан босана алатынына сенген ол өз ойларын жан-жақты дәлелдеп, орнықты пікірлер қалыптастыра білді. Ол өз жазбаларында «Түркістан – түркілер елі деген сөз.Түркістан ұзақ кезеңдік терең дағдарыс пен құлдырау сатысын бастан кешті. Ал халқына келсек, «Түркістанның тұрғылықты халқы саны жағынан тең емес екі жұрттан – түркілер мен тәжіктерден тұрды. Бірақ та, олардың бәрі де өздерін, расында да бір халықпыз деп есептейді – мұны Түркістанмен түркілер тарихын біршама білем дейтіндердің ешқайсысы да жоққа шығара алмайды» деп өз пікірін өзге ғалымдар еңбектеріне сілтеме жасай отырып дәлелдейді [9, 54-57 бб.].

Кеңестер билік басына келіп, әр халықтың өз тағдырын өзі шешетіні жөнінде насихат жұмыстарын жүргізген кездерінде М.Шоқай бастамасымен 28 қараша 1917 жылы Түркістан автономиясы құрылып, Түркістан автономиясының уақытша үкіметі жасақталған болатын және Бас министр болып М.Тынышбаев бекітіліп, ол отставкаға кеткен соң М.Шоқай осы орынға келген еді. Алайда 1918 жылдың қаңтарында Ташкендегі жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі автономияны құлатып, М.Шоқай шет елге эмиграцияға кетті және өз өмірінің соңына дейін Түркістанның Кеңестік кезеңдегі ауыр халін батыс жұртына әшкерелеп, түптің-түбінде Кеңестік жүйе жасанды жолмен бөлшектеген Түркістан халқы бірігіп, бір үлкен ту астына жиналатынына сеніп өтті. Бұл турасында «М.Шоқай Орталық Азия кеңістігінде ұлттық-территориялық межелей негізінде бірнеше кеңестік республикалардың өмірге келгендігін құптаған жоқ. Ол большевиктер бұл өлкеде «бөліп тастап, билей бер!» саясатын ұстанып отыр деп түсінді. Ал пайда болған республикаларды «ұлттық» емес, «ұлыстық» республикалар ретінде қабылдады» деген пікірді алдыға тартуға болады [10, 21 б.]. Бұл пікірдің ақиқаттылығын нақтылай түсу үшін оның «Большевиктер атамекеніміз Түркістан есімін де өзгертпек болады. Халқымыздың өзінің тарихи аты «түрік» деген атпен аталуына тиым салып, ұлыстар мен руларға бөлшектеп тастауды көздейді» деген пікірін де келтіре кету артық болмас [10, 187 б.]. Социализм идеалдарына сеніп, кеңестік билік аппаратында қызмет еткен қазақ азаматтарының арасында да түрікшілдікті ту етіп көтергендер аз болған жоқ, солардың ең бастысы Түркістан АССР-інде басшылық қызметтер атқарған Т.Рысқұлов болды. Т.Рысқұлов РКП (Б) Орталық комитеті ұлт саясатын «қызыл империализмге» теңеп, түптің түбінде түркі тілдес халықтар Ресеймен емес тарихы мен тағдыры, тілі мен діні, мәдениеті бір Түркиямен табысады деген ұстанымда болған. Ол Орта Азиядағы түрік тектес халықтарды одақтың құрамына біріктіру мәселесіне байланысты Түркістан Республикасы, Қазақ Автоном Республикасы, Бұхара мен Хорезм Республикаларынан құралған «Орта Азия Республикаларының Федерациясы» атты саяси одақ құрып, оны тікелей КСРО-ға қосу пікірін қорғады [11, 147 б.].

Түрік халықтарының біріктіретін негізгі факторлардың бірі олардың ортақ тілі болып табылады. Сондықтан да жат жұрттықтар түрік халқын бір-біріне қатыстырмау мақсатында жасалған «бөлек жазу, бөтен тіл» саясатын өте сақтықпен жүзеге асырады. Ал, түркістандықтар рухани байланыстың бауы – ортақ түрік тілі қоланысын нығайтып, өзара

жақындата түсу жолында аянбады. Түрік зиялылары арасында өрбіген ортақ тіл төңірегіндегі «тіл таласы» әдеби диалогқа ұласып, әдеби тілдің көптеген мәселелерінің шешілуіне әсер етті және ұлттық қорғанысты күшейте түсті. Түрік мұсылмандарының мәдени-саяси және әдеби бірлігі жәдитшілік, түрікшілдік ағымдары төңірегінде топтасты. [6, 4 б.]. Десе де, Түркі тілдес халықтардың өзара бірігуі өз мүддесіне қайшы екендігін жақсы түсінген кенестік билік түрікшілдерді де, Үлкен Түркістан идеясының жақтаушыларын да халық жаулары ретінде таныды және олардың өздерін жазалап, идеяларын өшіруге барынша тырысты.

Қорытындылай келе, қазіргі таңдағы саяси аренадағы түркі тілдес мемлекеттердің орнын, ролін және ынтымақтастық бағыттарын, оның алғышарттарын зерттеу үшін, ең алдымен оларды ортақтыққа итермелейтін идеялардың түп-тамырын қарастыру қажет. Сонау кезеңдерден бері көршілес қытай мен орыс мемлекеттеріне үстемдік етіп, кейіннен сол екі империяның бөлісіне түскен түбі бір түркі халықтары арасындағы бірігу идеясы әлі күнге дейін өз өзектілігін жоймай келеді. Түрікшілдік идеясының қазақ жерінде бүгінгі күні қайта жандануының өзі қазақ халқы үшін оның маңызының арта түскенін көрсетеді, бұл өз кезегінде қазақшылдық пен түрікшілдіктің қабысып жатқандығына меңзейді. Біздің пікірімізше, қазақ халқы үшін түрікшілдік пен Үлкен Түркістан идеялары әлі де өз маңызын жоя қойған жоқ. Үлкен Түркістан кейбір лидерлердің саяси ұстанымдарына сай болмағандықтан өзіндік күшіне ене алмауда. Ал түрікшілдік идеясы бұрынғыдан да жандана түсті, қазіргі қазақ жеріндегі түрікшілдік идеясы ең алдымен қазақ халқының бірігіп, өз айналасына өзге ұлттардың өкілдерін жинақтап, соның нәтижесінде біртұтас қазақстан халқын қалыптастыра отырып өзге түркі тілдес мемлекеттермен тығыз байланыс орнатуын меңзейді. Яғни, түрікшілдік идеясы жүзеге асуы үшін қазақ ұлтының өзі іштей бірігіп, біртұтастыққа бой ұруы тиіс, сонда ғана өзге ұлт өкілдері оның айналасына жинақтала бастайтыны сөзсіз.

#### **Пайданылған әдебиеттер тізімі**

1. Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: баспасы, 2002,144 б.
2. Сваранц А. Пантюркизм в геостратегии Турции на Кавказе. - М., Академия гуманитарных исследований, 2002, 138б.
3. Аршаруни А., Габидуллин Х. Очерки панисламизма и пантюркизма в России. - Безбожник, 1931, 130б.
4. Шілдебай С. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. - Алматы баспасы, Ғылым, 2002.
5. Введенский Б.А. «Большая советская энциклопедия. Том 32,1955.
6. Хекиммоғлу В.С. Түркия және Ресей мен КСРО-дағы түрікшілдіктің даму тарихы (1900-1930 жылдардың басы). тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2010, 3 б.
7. Өзбекұлы С. Арыстары алаштың. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998,150 б.
8. Қыдыралиев Д.Қ. Біртұтас Түркістан идеясы: теориялық негіздері және іске асырылу жағдайлары. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. - Алматы, 2010.
9. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. (Құрастырған - Б.Қошым-Ноғай). –Алматы: Жалын 1992.
11. Шоқай М. Таңдамалы. 1-том. – Алматы: Қайнар, 1998,187 б.
12. Жалмырза А.А. Отаршылдыққа қарсы Түркістан әдебиеті: қалыптасуы, даму ерекшеліктері. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2010, 202, 4 б.